

мәселелері» атты Республикалық ғылымитәжірибелік онлайн-конференция материалдарының жинағы. 2020 ж., 15-16 қазан. – Караганда: Изд-во ТОО «САНАТ-Полиграфия», 2020. – 305 с

3 Мирзаев Р. С. Великий шелковый путь: реалии XXI века. - М., 2005.

4 Малышева Д.Б. Политика КНР в Центральной Азии в рамках Инициативы «Один пояс и один путь» / Инициатива «Один пояс и один путь» и перспективы социально-экономического и общественно-политического развития стран Центральной Азии. - Алматы: Научно-исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2019. – 238 с.

5 Қазақстан мен Қытайдың бірлескен 50 кәсіпорнында 15 мың жұмыс орны ашылады // <https://ult.kz/post/kazakstan-men-kytaydyn-birlesken-50-kasiporny-15-myn-zhumys-ornyn-ashady>

## **ҚОҒАМДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

**Сарбасова Ж.**, магистрант

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., профессор **Г.М. Смагулова**  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

Кез келген мемлекеттің ұлттық мүдделері өте маңызды. Мемлекет оларды жүзеге асыру үшін сыртқы саясат құралдарының барлық мүмкіншіліктерін қолдануға мәжбүр болады. Сыртқы саяси басымдықтарға қол жеткізуде мемлекеттің арнайы құралдары жеткілікті. Сыртқы саясаттың дәстүрлі құралдарына саяси, дипломатиялық, экономикалық, әскери және қаражат жатады [1, 133-139]. Ақпараттық және мәдени құралдардың есебінен сыртқы саяси мақсаттар мен міндеттердің жетістікке жетуінің жолдары мен әдістер кешенін барынша ұтымды пайдалану дипломатияның тиімділігін арттырудың маңызды мүмкіншілігі болып табылады. Байқайтын болсақ, соңғы жылдары қоғамдық дипломатия белсенді рөл атқаруда. Дипломатияның бұл түрі мемлекеттің әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар саласындағы тиімді ресурсына айналууда. Мемлекеттердің үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) ресурсын пайдалануы

шын мәнінде теориялық зерттеу мен практикалық қолдану ретінде маңызды мәселе болып табылады.

«Қоғамдық дипломатия» ұғымы жалпы қабылданған анықтамаға ие емес, сондай-ақ терминдік мағынасы біржақты мазмұнды деп айта алмаймыз. Яғни, сыртқы саясат, жалпы адамзаттық даму, қоғамдық келісім, бейбітшілік сондай-ақ әлемдік тұрақтылық турасында мәселелер көтерілгенде қоғамдық дипломатия түсінігімен қатар «жария дипломатия», «мәдени дипломатия» сияқты ұғымдар да жиі қолданылады. Біздің еліміз Қазақстанда да бұл сала толыққанды зерттеу назарына алынбаған.

«Қоғамдық дипломатия» ұғымының мазмұндық кеңістігі әрине, ғылымы озық елдерде байқалады. Мәселен, орыс ғылымында қоғамдық дипломатия деп айтылып жүрген түсінікке жүгінетін болсақ, ағылшын тілінің «public diplomacy» сөзінен аударылып «публичная дипломатия» немесе «общественная дипломатия» ұғымы болып таралған. Сондай-ақ осы аталып отырған ұғым бағытында зерттеу жұмыстары да көзге шалынады. Негізінен бастапқыда бұл ұғым АҚШ-тың А.Б. Флэтчер атындағы Тафт университетінің заң және дипломатия мектебінде пайда болған. Қоғамдық дипломатия ұғымының классикалық анықтамасы Эдмунд Галлионға (Edmund Gullion) тиесілі айтылады. Ол осы терминді шет елдердің азаматтарын ақпараттандыруға және оларға ықпал етуге бағытталған мәдениет, радиохабар және теледидар саласындағы жарияланымдар, киноөнімдер сияқты мемлекет қаржыландыратын бағдарламаларда қолданған екен [2, 106]. Осылайша, «қоғамдық дипломатия» - бұл өкіметтің жүргізіліп жатқан сыртқы саясатын әлем халықтарына түсіндіруге бағытталған, мемлекеттің күш-жігерін білдіретін түсінік болып тарала бастады [3].

Халықаралық бағыттағы әлемдік саясат пен азаматтық қоғам институттарындағы қоғамдық дипломатияның дамуы академиялық ортадағы талқылаудың өзекті тақырыптары болуы тиіс. Бұл жерде ұлттық қауіпсіздік мәселелерін меңзеп отырсақ керек. Жария немесе қоғамдық дипломатия ақпараттық материалдарды, оның ішінде ел туралы баспа материалдарын (журналдар, кітаптар), аудио (радио) және бейнеөнімдерді дайындауды сондай-ақ оларды дипломатиялық арналар арқылы және интернеттің жаһандық желісінде шетелде таратуды қамтиды. Қоғамдық дипломатияның мақсатты аудиториясы шет елдердің өкіметтері, сондай-ақ қоғамның кең шеңберлері, БАҚ өкілдері, мәдениет, өнер, академиялық орта және өскелең ұрпақ.

Қоғамдық дипломатияның келесі мақсаттарын бөліп көрсетуге болады:

- шетелдік аудиторияға мақсатты әсер етуді күшейту, халықтар мен ұлттар арасында неғұрлым терең түсінік қалыптастыру;

- шетелдік аудиторияда тиісті мақсаттарға оң көзқарас қалыптастыру және мемлекет жүргізіп отырған сыртқы және ішкі саясатты іске асыру барысы туралы ақпарат беру;

- халықаралық аренада қолайлы жағдайлар жасау және осы мемлекеттің нақты ұтымды ұстанымдарымен шет елдердің қоғамдық пікірін қолдауды қамтамасыз ету;

- шет елдер үшін өз құндылықтары мен институттарын жақсы түсінуге қол жеткізу;

- өз елінің азаматтары мен шетелдік азаматтар арасындағы диалогты кеңейту;

- елдің тартымдылығын арттыру және имиджін жақсарту [4].

Қоғамдық дипломатия құралдарына мыналарды жатқызуға болады:

- шетелде мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын дәлелді баяндау және түсіндіру үшін бұқаралық аудиторияны және адамдардың жекелеген топтарын хабардар ету, трансляциялау үшін арнайы «жолдау» қалыптастыру;

- бұл «жолдауды» әртүрлі қоғамдық топтар қалай түсінетінін талдау, шетелдік қоғамдық пікірдің көңіл-күйін зерттеу;

- қарым-қатынас және сендіру құралдарын жасау және дамыту, қоғамдық институттар, бұқаралық ақпарат құралдары, адамдар топтары мен әртүрлі елдердің жеке тұлғалары арасындағы тікелей байланыстар;

- өз құндылықтарын кино, теледидар, радио, музыка, спорт, бейне ойындар, театр, туризм, интернеттегі қарым-қатынас және басқа да нысандар арқылы насихаттау.

Мемлекеттің қоғамдық дипломатиясының құралдары түсінікті болуы үшін мысал келтіріп тоқтала кететін болсақ, АҚШ-тың бұрыннан келе жатқан біздерге мәлім қоғамдық дипломатиясының негізгі институттары «Америка дауысы», «Еркін Еуропа», «Бостандық», «Еркін Азия» радиолары сондай-ақ «Савва» (араб тілінде), «Фарда» радиосы (парсы тілінде), «Марти» радиосы (Кубаға хабар таратушы) сияқтыларды атап өтуге болады [5]. Ал Ресейдің қоғамдық дипломатиясының құралдарына әдетте «Russia Today» (ағылшын тілінде хабар таратушы) және Русия аль-Яум (араб тілінде

хабар таратушы) телеарналары сондай-ақ ағылшын тіліндегі Russia Profile журналы, «Голос Россия» радиоларын атап айтуға болады.

Соңғы жылдары қоғамдық дипломатия әлеуметтік желілердегі қарым-қатынаспен толықтырылды. «Твиломаси» дейтін жаңа термин пайда болды. Басқаша айтқанда, Твиттер мен басқа да әлеуметтік желілерді сыртқы саяси агенттіктер қолдана бастады. Президенттер, премьер-министрлер, министрлер, сыртқы саяси ведомстволардың басшылары, елшілер әлеуметтік желілерге шығып «твиломаттарға» айналып отыр [6].

Осылайша, мемлекеттік дипломатия толық немесе ішінара мемлекеттік қолдаумен жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялар арқылы жүзеге асырылады. Бұл, ең алдымен, мемлекеттің қоғамдық пікірі мен оң имиджін шетелде насихаттауға, ішкі және сыртқы саясаты саласындағы маңызды шешімдерге қатысты және қолайлы саясат қалыптастыруға бағытталған ақпараттық бағдарламалар.

Қоғамдық дипломатия, әдетте, бейресми қарым-қатынас пен іс-әрекеттің әдістері мен формаларын қолданады. Қоғамдық дипломатия әдістеріне елшілік ғимаратының алдындағы наразылық немесе қолдау акциялары (олар пикеттер, митингілер, шерулер, жиналыстар және т.б. түрінде өтеді), қол жинау, шешімдер қабылдау және акторлардың үндеуі жатады. Қоғамдық дипломатияның нысаны конференцияларға қатысу (конгрестер, дөңгелек үстелдер және т.б.) [7, 71-74].

Біздің ойымызша, Қазақстанда қоғамдық дипломатияны дамытуға оң динамика бар. Қоғамдық дипломатияның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, нысандары мен әдістері ауқымы айтарлықтай кеңейде. Яғни, тәуелсіздіке 30 жыл болуы аз уақыт емес. Шетелдердегі қазақ диаспоралары жеткілікті. Әлемде жер көлемі, қазба байлықтары жағынан алдыңғы қатарлы елдер санатына жатамыз. Бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтаушы сондай-ақ ядролық қаруланудан түбегейлі бас тартқан елміз. Ғылым, білім, мәдениет және өнерде аса қабілетті адамдарды ел имиджі үшін мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету. Мәселен, Димаш Құдайбергennің бір өзі ғана аз уақытта Қазақ елін тұтас әлемге танытып үлгергендей. Тікелей қоғамдық дипломатия ұғымы тұрғысынан қарайтын болсақ, Димаштың өнері арқылы әлем жұртының біздің елге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын тіпті қазақ ұлтына деген құрметін арттырғаны анық. Осы және басқа да көрсеткіштер негізінде терең тарихы бар мемлекет болып танылды.

Біздің пікірімізше, Қазақстандағы қоғамдық дипломатияға келесі міндеттер қойылады:

- қазақстандық қоғамдық ұйымдардың бүкіл әлемдегі адам бостандығы мен құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысқа қатысуы;

- шетелде тұратын Қазақстан азаматтары мен отандастарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

- қазақ диаспорасымен тығыз байланыстар орнатып қазақ тілі мен мәдениеті кеңістігін кеңейту және нығайту;

- отандастар ұйымдарының тұратын елдердегі өз құқықтарын неғұрлым тиімді қамтамасыз ету, қазақ диаспорасының этномәдени өзіндік ерекшелігін және оның тарихи Отанымен байланыстарын сақтау мақсатында оларды топтастыру;

Қазақстан Республикасына ерікті түрде қоныс аударуға таңдау жасайтын қандастарға жәрдемдесу;

- әлемдік мәдениет және ұлтаралық қарым-қатынас құралы бай мазмұнды қазақ тілі мен әдебиетін, мәдениетін, салт-дәстүрін әлемдік өркениеттің ажырамас бөлігі ретінде насихаттау және тарату;

- нәсілдік, ұлттық кемсітушіліктің кез келген түрінің, басқыншылық, әсіре ұлтшылдықтың, антисемитизмнің және ксенофобияның көріністеріне қарсы тұру;

- халықаралық және үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылды нығайту мақсатында адам құқықтарын қорғау, діни-наным сенушілердің сезімдерін қорлауға жол бермеу және толеранттылықтың тамырлануы мен адам құқықтары жөніндегі диалогта моральдық принциптердің нығаюына қолдау көрсету.

Қорыта келе, кез-келген мемлекеттің сыртқы саяси қызметінің ұзақ мерзімді жетістіктері қоғамдық дипломатияның нақты стратегиясынсыз және оны тиісті институционализациялау, идеологиялық мазмұн мен ресурстық қамтамасыз ету негізінде тиімді жүзеге асырусыз мүмкін емес деуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Мухаметов Р. С. Инструменты внешней политики России: сущность и формы реализации // *Ars administradi*. 2016. № 2.

2 Цатурян С.А. Общественная дипломатия США в новом информационном столетии // *США-Канада. Экономика, политика, культура*. 2015. № 8.

3 Хайд Г.Д. Разговор с нашими безмолвствующими союзниками: общественная дипломатия и внешняя политика США

URL: <http://www.if.tsu.ru/Sokol/USA4.htm> (дата обращения: 31.10.2021).

4 Школа общественного дипломата URL: <http://nadmirom.ru/2011/06/shkola-obshhestvennogo-diplomata/> (дата обращения: 31.10.2021).

5 Общественная дипломатия Российской Федерации и мировой опыт: Стенографический отчет о первом расширенном заседании Комиссии по международному сотрудничеству и общественной дипломатии Общественной палаты РФ URL: [http://nsn-group.ru/index.php?option=com\\_content&task=view&id=41&Itemid=34&limit=1&limitstart=7](http://nsn-group.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=41&Itemid=34&limit=1&limitstart=7) (дата обращения: 31.10.2021).

6 Зюнова Т. Публичная дипломатия и ее акторы URL: [http://russiancouncil.ru/inner/?id\\_4=681#top](http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=681#top) (дата обращения: 31.10.2021).

7 Медведева Т. И. Основные методы и формы гражданской дипломатии в современном политическом процессе // Власть. 2017. № 4.

## **БЕРЛИН ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯНЫҢ БӨЛІНУІ**

**Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор,**

**Ильмеева Р.Х., магистрант**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы көптеген саяси, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды тудырып әлемнің жаңа құрылым жүйесін орнатқаны белгілі. Осы себептен, соғыстан кейінгі өзекті мәселенің бірі болып Германияның ішкі ара қатынасын реттеу болды. Барлық жеңімпаз державалар Германияның бөлуіне алаңдатушылық танытты, себебі бұл үрдіс Еуропаның екіге бөлуіне алып келуі мүмкін деген болжам жасалды.

Германияның бөлуінің негізгі бастамашысы болып – Вашингтон кеңесінде (1941 ж., желтоқсан), Тегеран конференциясында (1943 ж. Қараша қарастырылды болды. КСРО, АҚШ және Ұлыбритания Германияны бөлу туралы шешім қабылдады. Германияны толық қарусыздандыруды, демилитаризациялауды және бөлшектеуді көздеді [1].